

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Техникалық ынтымақтастық бағдарламасына қатысты техникалық ынтымақтастық шоты туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 614 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Техникалық ынтымақтастық бағдарламасына қатысты техникалық ынтымақтастық шоты туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Техникалық ынтымақтастық бағдарламасына қатысты техникалық ынтымақтастық шоты туралы келісімге қол қоюға уәкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 8

м а у с ы м д а ғ ы

№ 6 1 4

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің Техникалық ынтымақтастық бағдарламасына қатысты техникалық ынтымақтастық шоты туралы келісім

(Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2013 ж., № 5, 56-күжат)

Осы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің Техникалық ынтымақтастық бағдарламасына қатысты техникалық ынтымақтастық шоты туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет) мен Еуропа Қайта құру және Даму Банкі (бұдан әрі – Банк немесе ЕҚДБ) (бұдан әрі бірлесіп – Тараптар немесе жеке-жеке – Тарап) арасында Үкімет пен ЕҚДБ Техникалық ынтымақтастық шотына қатысты ж а с а л а д ы .

Ө Й Т К Е Н І

(А) 1990 жылғы 29 мамырдағы Еуропа Қайта құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің (бұдан әрі – ЕҚДБ құру туралы келісім) 20-бабына сәйкес ЕҚДБ-ға кез келген жария-құқықтық немесе жеке субъектілермен ынтымақтастық туралы келісім ж а с а с у ғ а у ә к і л е т т і к б е р і л г е н .

(В) Үкімет өзінің басымдықтарына, сондай-ақ ЕҚДБ мақсаттары мен функцияларына сәйкес келетін даму саласындағы ынтымақтастық і с - ш а р а л а р ы н қ о л д а й д ы .

(С) Тараптар осы Келісімге 1-қосымшада (бұдан әрі – Бағдарлама) сипатталғандай техникалық көмек көрсетуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының кейбір салаларында, сондай-ақ Тараптар арасындағы келісу бойынша басқа салаларда консультациялар нысанында өзге де қолдау көрсетуді өздеріне мақсат етіп қояды.

(D) Үкімет Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігін уәкілетті орган ретінде тағайындайды, ол арқылы Келісім шеңберінде туындайтын барлық мәселелер бойынша ақпарат алмасу, сондай-ақ осы Бағдарламаға қатысты Тараптар арасындағы үйлестіру жүзеге асырылатын болады.

(Е) Үкімет ЕҚДБ-ға Бағдарламаны іске асыру мақсатында Банк жүргізетін іс-шараларды қаржыландыруға қаражат беруге дайын. ЕҚДБ өзіне осы Келісімнің ережелері мен шарттарына сәйкес Үкімет ынтымақтастық қорларынан берген осы қаражатты басқаруға және билік етуге келіседі.

Тараптар төмендегілер туралы келісті:

I – Шотты құру

1-бап

Шот

Осы арқылы мен Үкімет пен ЕҚДБ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚДБ-ның Техникалық ынтымақтастық шотын (бұдан әрі – шот) құрады.

2-бап

Шоттың мақсаты

Шот Бағдарлама шеңберінде белгіленген бағыттар бойынша, сондай-ақ Тараптар арасындағы келісу бойынша ЕҚДБ стратегиясында көзделген және Үкіметтің басымдықтарына сай келетін өзге де барлық салаларда Қазақстан Республикасындағы техникалық көмекті қаржыландыруға арналған.

II – Шот ресурстары

3-бап

Үкіметтің Банкке берген қаражат сомасы

3.1. Үкімет ЕҚДБ-ға 6000000 евро (алты миллион евро) сомасында ынтымақтастық қаражатын (бұдан әрі – ынтымақтастық қаражаты) осы Келісімнің 20-бабы 20.2-тармағының (с) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өтеусіз береді.

3.2. ЕҚДБ-ның келісуімен Үкімет ЕҚДБ-ға шот қаражатын толықтыру мақсатында осы баптың 3.1-тармағына сәйкес берілген сомадан басқа кез келген қосымша сомаларды (бұдан әрі – қаражатты толықтыру) бере алады. Қаражатты мұндай кез келген толықтыру Тараптар арасында қаражатты толықтыру туралы келісім жасасу арқылы жазбаша нысанда келісіледі және осы Келісімнің ережелерімен реттеледі, ондағы Үнтымақтастық қаражатына сілтемелер Қаражатты толықтыруға сілтемелер де болып саналады.

4-бап

Шот ресурстары

ЕҚДБ-ның басқаруындағы және билігіндегі Үнтымақтастық қаражаты (бұдан әрі – ресурстар) осы Келісімнің ережелеріне сәйкес:

i) Банкке берілген және осы Келісімнің 3-бабына сәйкес шотқа енгізілген Үнтымақтастық қаражатынан;

ii) осы Келісімнің 13.1-тармағына сәйкес шот ресурстарын инвестициялаудан алынған кез келген кірістерден тұрады.

5-бап

Шот ресурстарын пайдалану

5.1. Шот ресурстары осы Келісімнің 8-бабы шеңберінде Үкімет мақұлдаған Бағдарламаны жүзеге асыруға байланысты техникалық ынтымақтастық іс-шараларын (бірлесіп – тапсырмалар, ал жеке – тапсырма), атап айтқанда:

а) ЕҚДБ қаржыландырып отырған немесе қаржыландыратын жобаларды және/немесе бағдарламаларды іске асыруға байланысты техникалық көмек желісі бойынша (осы баптың 5.1-тармағының б) тармақшасына сәйкес) қызметтер көрсету үшін тартылған консультанттардың немесе сарапшылардың сыйақыларын, жол және өзге де шығыстары мен шығындарын;

б) ЕҚДБ ұйымдастыратын немесе оның қадағалауымен жүзеге асырылатын институционалдық қолдау көрсету, оқу сабақтарын және/немесе семинарларын өткізу, консультациялық қызметтер көрсету (бұдан әрі бірлесіп немесе жеке – техникалық көмек желісі бойынша қызметтер көрсету) жөніндегі іс-шараларды;

с) стратегиялық жоспарлау саласындағы консультацияларды; және

д) Тараптар арасында жазбаша нысандағы келісу бойынша уақыт өте келе жүргізілетін өзге де іс-шараларды қаржыландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

5.2. Шот ресурстары қаражатты өтеу туралы сот талап-арыздарына арналған шығыстарды, егер мұндай талап-арыздар осы Келісімнің 9-бабы 9.3-тармағына сәйкес қозғалатын болса және осы Келісімнің 10-бабына сәйкес әкімшілік алымды төлеу үшін де пайдаланылады.

6-бап

Төлем шарттары

6.1. Үкімет ЕҚДБ-ға Ынтымақтастық қаражатын осы Келісімнің 12-бабында көрсетілген банк шотына оларды аудару арқылы және осы Келісімнің 6-бабы 6.3-тармағында көрсетілген төлем құжатына сәйкес ақшалай нысанда және осы Келісім күшіне енгеннен және төлем тапсырмасы алынғаннан кейін төменде көрсетілген төлем кестесіне сәйкес алты төлеммен береді.

Үкімет төлемдерінің кестесі:

Төлем кезеңі	Сомасы
2013 жылғы маусым	600000 евро
2013 жылғы тамыз	1400000 евро
2014 жылғы ақпан	600000 евро
2014 жылғы шілде	1400000 евро
2015 жылғы ақпан	600000 евро
2015 жылғы шілде	1400000 евро

6.2. Қаражатты толықтыру кезінде оларды аудару қаражатты толықтыру туралы тиісті келісім күшіне енгеннен кейін және оның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6.3. Қаражаттың банк шотына барлық аударылымы Банктің Үкіметке төлем тапсырмасын ұсынғанынан кейін жүргізіледі.

7-бап

Ресурстардың бөлінуі

7.1. Шот ресурстары Банктің жай негізгі ресурстарынан және анықтамалары немесе оларға сілтемелер Банкті құру туралы келісімде берілген немесе онда болатын оның арнаулы қорларының кез келген ресурстарынан оқшау болуға тиіс.

7.2. Қандай да болмасын жағдайларда шот ресурстары бастапқыда мақұлданбаған немесе оған арналмаған Банк операцияларынан немесе өзге де қызметінен туындайтын шығындарды жабу немесе міндеттемелерді орындау үшін шот ресурстары жұмсала немесе пайдаланыла алмайды.

7.3. Қандай да болмасын жағдайларда Банктің жай негізгі ресурстары немесе оның арнаулы қорларының ресурстары ресурстар бастапқыда пайдаланылған немесе соған арналған Банк операцияларынан немесе өзге де қызметінен туындайтын шығындарды жабу немесе міндеттемелерді орындау үшін жұмсала немесе пайдаланыла алмайды.

III – Басқару

8-бап

Шот ресурстарын пайдалану туралы шешімдер қабылдау

8.1. ЕҚДБ тапсырмаларды Үкіметке 2-қосымшада келтірілген нысан бойынша бекітуге жіберуге тиіс. Банк тапсырмаларды ұсынған кезден бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Үкімет тапсырмаларды бекітеді немесе қайтарады.

8.2. Бекітілген тапсырманың орындалуын, оның мазмұнын және/немесе сметасын айтарлықтай мөлшерде қозғайтын мән-жайлар туындаған кезде ЕҚДБ Үкіметке осындай мән-жайлардың туындағаны туралы дереу хабарлауға міндетті, ал Тараптар жаңадан туындаған мән-жайларға байланысты қажетті шаралар қабылдауды талқылаулары тиіс.

8.3. Шот ресурстарымен қаржыландыруға ұсынылған және бекітілген кез келген тапсырма ЕҚДБ желісі бойынша оның акционерлерінің Арнаулы қорының (бұдан әрі – ААҚ) қаражатымен көрсетілген тапсырманы орындау мақсатына шот ресурстарынан бөлінетін сомаға сәйкес келетін үлестерде қоса қаржыландырылуға (бұдан әрі – ААҚ желісі бойынша қоса қаржыландыру) тиіс.

8.4. Осы баптың 8.3-тармағының ережелеріне қарамастан, ААҚ желісі бойынша қоса қаржыландыру ЕҚДБ Директорлар кеңесінің шешімімен бекіту көзделетін ЕҚДБ-ның қолданыстағы ішкі қағидаларына сәйкес ЕҚДБ шешімімен бекітілуге тиіс. Егер ААҚ желісі бойынша қоса қаржыландыруды қандай да бір тапсырмаға қатысты Банк бекітпесе, Тараптар осындай тапсырмаға қатысты қабылдануы қажет тиісті шараларды талқылаулары тиіс.

9-бап

Шотты басқару

9.1. ЕҚДБ осы Келісімнің ережелеріне сәйкес шоттың басқарушысы және билік етушісі ретінде танылуға міндеттенеді. ЕҚДБ өз функцияларын ынтымақтастық қорларының кез келген басқа қаражатын басқару және оларға билік ету кезінде қандай адалдықпен және мұқияттылықпен орындаса, осы Келісім шеңберіндегі өз функцияларын да солай орындауға міндеттенеді.

9.2. ЕҚДБ шотты тиімді басқару үшін өзі қажетті немесе орынды деп табатын, осы Келісімге қайшы келмейтін ішкі қағидаларды қабылдай алады.

9.3. ЕҚДБ үшінші тарапқа төлеген осы ресурстардың қандай да бір сомасын ол заңсыз пайдаланған немесе заңсыз пайдалануға жататындай пайдаланған жағдайда ЕҚДБ өзінің қолданыстағы директивалық құжаттары мен қағидаларының негізінде өзіне осы соманы өтеу туралы сот талап-арызын қозғауға құқылы. Оған осылайша өтелген ресурстардың кез келген сомасы шот кредитіне аударуға және осы Келісімнің 5-бабында көзделген мақсаттар үшін пайдалануға жатады. Қозғалған талап-арызға байланысты шығыстар шот қаражатымен төленуге жатады. Шотта көрсетілген шығыстарды төлеу үшін қаражат жетіспеген жағдайда ЕҚДБ Үкіметпен қаражатты өтеу туралы сот өндірісін бастау немесе жалғастыру туралы консультация жүргізуге және осыған байланысты келтірілген шығыстарды Үкіметтің дербес төлейтіндігіне растау алуға тиіс.

10-бап

Әкімшілік алым

ЕҚДБ-ның шотты басқаруға және оған билік етуге арналған шығындарды жабуға ынтымақтастық қаражаты сомасынан 2 % (екі пайыз) мөлшерінде әкімшілік алымды өз пайдасына шегеруге және ұстауға құқығы бар. Банк ынтымақтастық қаражатын толық немесе ішінара сомада алғаннан кейін олардан әкімшілік алым шегеріледі.

IV - Шот бойынша операцияларды жүргізу

11-бап

Сатып алулар

Тараптар өзгеше туралы келіспесе, осы Келісім бойынша кез келген тапсырманы орындау үшін қажетті және шот ресурстарынан қаржыландырылатын тауарларды, қызметтер көрсетуді және/немесе жұмыстарды сатып алу, сондай-ақ шот ресурстарын басқаруға және/немесе оларға билік етуге байланысты ЕҚДБ мен үшінші тараптар

арасында жасалған және шот ресурстарынан қаржыландырылатын қандай да бір келісімнің қандай да бір ережелеріне әкімшілік ету және/немесе оларды мәжбүрлеп орындату ЕҚДБ-да қолданыстағы қағидаттар мен қағидаларға сәйкес, оның ішінде, атап айтқанда ЕҚДБ-ның тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алу қағидаттары мен қағидаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

12-бап

Банк шоты

ЕҚДБ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚДБ-ның техникалық ынтымақтастық шоты» деген атаумен оқшауландырылған және пайыздық кіріс әкелетін, еуроға банк шотын (бұдан әрі – банк шоты) ашуға және жүргізуге міндеттенеді, ол туралы Үкімет 6.3-тармақта көзделген төлем тапсырмасымен хабардар етіледі және Үкімет оған осы Келісімнің 3-бабына сәйкес ЕҚДБ-ға берілген қаражатты ЕҚДБ-ға аударатын болады.

13-бап

Инвестициялар және валюта айырбастау

13.1. Банк банк шотындағы пайдаланылмаған ресурстарды инвестициялай және қайта инвестициялай алады. Ресурстарды инвестициялаудан алынған кіріс банк шотына есепке жатқызылады және осы Келісімге сәйкес пайдалану үшін қолжетімді болады.

13.2. Банк банк шотындағы ресурстарды, егер бұл оларды осы Келісімге сәйкес пайдалануға ықпал ететін болса, басқа валюталарға еркін айырбастай алады және Банк Үкімет алдында жоғарыда аталғанға байланысты валюталық операциялар салдарынан туындаған кез келген шығасылар үшін жауап бермейді.

14-бап

Бухгалтерлік есеп және аудит

Банк шот ресурстарына қатысты жеке құжаттама және есептілік жүргізуге және Банктің әрбір қаржы жылының (1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы) аяғында Банктің тәуелсіз аудиторларының мұндай есептілік пен құжаттамаға аудит жүргізуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15-бап

Қызметтің көрнекі болуы

ЕҚДБ шот ресурстары есебінен қаржыландырылатын қызметпен жұртшылықты таныстыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

16-бап

Есептілікке қойылатын талаптар

16.1. ЕҚДБ Үкіметке ЕҚДБ-ның сыртқы аудиторлары тексерген қаржылық есептіліктің көшірмесін ЕҚДБ-ның қаржы жылы аяқталған кезден бастап алты ай (6 ай) мерзімде ұсынуға міндеттенеді.

16.2. Банк Үкіметке 1 қаңтар – 31 наурыз, 1 сәуір – 30 маусым, 1 шілде – 30 қыркүйек және 1 қазан – 31 желтоқсан аралығындағы уақыт кезеңдері үшін осы Келісімге 3-қосымшада келтірілген нысан бойынша шот ресурстарының пайдаланылу барысы туралы тоқсандық есептерді тиісінше тоқсандық есептік кезең аяқталған күннен бастап екі ай (2 ай) мерзімде ұсынуға міндеттенеді. Бағдарламаны іске асыру барысы туралы есептерде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- a) тапсырмалардың сипаттамасы;
- b) тәуекелдер, тұжырымдар мен ұсынымдар;
- c) тапсырмаларды іске асыру шеңберінде аяқталмаған және аяқталған жұмыстар тізімі;
- d) шот ресурстарының қаржылық жай-күйі.

16.3. Шот ресурстарынан қаржыландырылған әрбір тапсырма аяқталғаннан кейін ЕҚДБ Үкіметке тапсырмалардың орындалу нәтижелері сипатталған қорытынды есепті ұсынуға тиіс.

16.4. Барлық тапсырмалар орындалғаннан кейін Үкіметке олардың аяқталуы туралы егжей-тегжейлі қорытынды есеп ұсынылуға тиіс.

17-бап

Жауапкершілік

ЕҚДБ осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Үкімет алдында шотты басқару мен оған билік етуден және шот ресурстарын пайдаланудан басқа ешқандай жауапкершілік көтермейді және оның алдында өзге міндеттемелері жоқ.

18-бап

Келісім және оған қосымшалар

Осы Келісімге мынадай Қосымшалар қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1-қосымша. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚДБ арасындағы Техникалық ынтымақтастық бағдарламасы;
- 2-қосымша. Үкіметтің ТҮ іс-шараларын бекіту нысаны;

3-қосымша. Тоқсандық есептілік нысаны.

Осы Келісім мен оған қосымшалардың мәтіндерінде айырмашылықтар немесе қайшылықтар болған жағдайда, осы Келісім мәтінінің басым күші болады.

V – Күшіне енуі және қолданысын тоқтатуы

19-бап

Күшіне енуі

Осы Келісім Тараптар оған қол қойған кезден бастап күшіне енеді.

20-бап

Қолданысын тоқтатуы

20.1. Осы Келісім, егер 20.2-бапты орындау жағдайында оның қолданысы Тараптардың өзара келісімі бойынша тоқтатылмаса немесе егер Тараптардың бірі басқа Тарапқа оны бұзу күніне дейін 6 (алты) ай бұрын оны бұзу туралы жазбаша нысанда хабарламаса, шот ресурстарын толық пайдаланған сәтке дейін қолданыста болады.

20.2. Осы баптың 20.1-тармағына сәйкес осы Келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан кейін мына ережелер қолданылады:

а) ЕҚДБ шот ресурстарын тиісінше өткізу, консервациялау мен сақтау, осы ресурстар жатқызылуы мүмкін тікелей немесе шартты міндеттемелерді өтеу үшін қажетті қызметті қоспағанда, аталған ресурстарды пайдалануға байланысты барлық қызметті дереу тоқтатуға міндетті;

б) осы Келісім қолданысының тоқтатылуы осы Келісімді орындау үшін ЕҚДБ мен үшінші тараптар арасында жасалып қойған келісімдерді қозғамайды және ЕҚДБ-ның осындай келісімдерді толығымен орындағанға дейін оларды орындау үшін қажетті қаражатты шоттан бұдан әрі де алуға құқығы бар;

с) егер Тараптар өзгеше туралы келіспесе, барлық ақшалай міндеттемелер орындалғаннан немесе оларды орындауға қаражат бөлінгеннен кейін (оның ішінде Банкке тиесілі әкімшілік алымды төлегеннен кейін) Банк шотындағы қаражаттың қалдығы Үкіметке қайтарылуға тиіс. Қаражатты қайтару Үкімет осы Келісім бойынша ЕҚДБ-ның қанағаттандырылмаған барлық қалған талаптарын қанағаттандырғаннан кейін жүзеге асырылады;

д) осы баптың 20.2-тармағында көзделгенді қоспағанда, осы Келісім бойынша Тараптардың барлық құқықтары мен міндеттемелері Үкіметке осы баптың 20.2-тармағының с) тармақшасында көрсетілген сомаларды қайтарғанға және осы Келісімнің 16-бабына сәйкес есептеме ұсыну жөніндегі міндеттемелер орындалғанға дейін қолданыста болады, одан кейін осы Келісімнің қолданысы тоқтатылады.

20.3. Осы Келісімнің 17, 22 және 24-баптары осы Келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан кейін 20-баптың 20.1 және 20.2-тармақтарының ережелері үшін залалсыз қолданылуын жалғастыра береді.

VI – Қорытынды ережелер

21-бап

Өзгерістер енгізу

Осы Келісімге өзгерістер енгізу Тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

22-бап

Дауларды шешу

Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындайтын даулы мәселелерді консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді.

23-бап

Тараптардың өкілдері және ақпарат алмасу

Осы Бағдарламаға қатысты Тараптар арасындағы үйлестіру мақсаттары үшін, сондай-ақ осы Келісім шеңберінде туындайтын барлық басқа да мәселелер бойынша Үкіметтің уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) болып табылады. Министрліктің осы Келісімді іске асыру жөніндегі функциялары өзгерген немесе басқа органға берілген жағдайда Үкімет Банкке тиісті хабарлама жібереді.

Осы Келісімге сәйкес Тараптардың бірі жіберетін немесе жөнелтетін кез келген хабарламалар мен хаттар жазбаша нысанда жасалып, мына мекенжайларға және факс нөмірлеріне жіберілуге тиіс (егер Тараптардың бірі жазбаша нысанда өзге байланыс деректерін хабарламаса):

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі:

010000 Қазақстан, Орынбор көшесі, 8 «Министрліктер үйі»,

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің

н а з а р ы н а

Т е л е ф о н : + 7 (7 1 7 2) 7 4 - 3 8 - 0 1

факс: + 7 (7172) 74-38-24

Е Қ Д Б :

European Bank for Reconstruction and Development
One Exchange Square
London EC2A 2JN

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
Донорлық қоса қаржыландыру департаменті директорының назарына
Телефон: +44 20 7338 6536
Факс: +44 20 7338 6538

24-бап

Артықшылықтар мен иммунитеттер

Осы Келісім ережелерінің ешқайсысы да ЕҚДБ құру туралы келісіммен, халықаралық конвенциялармен немесе қолданылатын құқыққа сәйкес, Банкке, Банктің тапсырмаларын орындаушы оның басқарушыларына, директорына, орынбасарларына, Банк лауазымды тұлғалары мен қызметшілеріне, сондай-ақ сарапшыларына берілген иммунитеттерден, артықшылықтардан және/немесе алып қоюлардан нақты білдірілген немесе көзделетін бас тарту немесе басқаша өзгеріс ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

ОСЫНЫҢ КУӘСІ РЕТІНДЕ Банк пен Үкімет тиісінше уәкілеттік берілген өз өкілдерінің атынан әрекет ете отырып, осы Келісімге әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада қол қойды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Үш тілдегі нұсқалар арасында алшақтықтар немесе қайшылықтар туындаған жағдайда, Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтінінің күші басым болады.

<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Еуропа</i>	<i>Қайта</i>	<i>құру</i>
<i>Үкіметі үшін</i>		<i>және</i>	<i>Даму</i>	<i>Банкі</i>
		<i>үшін</i>		

К е л і с і м г е

1-қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚДБ арасындағы

Техникалық ынтымақтастық

бағдарламасы

Бұл бағдарлама төменде аталған секторлардың бәсекеге қабілеттілігін және тиімділігін арттыру сияқты ортақ мақсатқа қол жеткізуге жәрдемдесуге, сондай-ақ реттеу жүйесін, шығыстардың өтемділігі мен ашықтық көрсеткіштерін жақсарту, нарықтық қағидаттарды енгізуге жәрдемдесу, салалық практиканың озық нормаларын насихаттау, Қазақстан экономикасын жаңғыртуға және әртараптандыруға ықпал ететін жеке меншік секторының рөлін күшейту арқылы шетелдік және отандық инвесторлар үшін оларды тартымды етуге арналған.

Бағдарламаның мазмұнында көлік пен логистиканы, коммуналдық шаруашылықты, электр энергетикасын, телекоммуникацияларды қоса алғанда, инфрақұрылым сияқты экономика секторларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚДБ екі Тарап үшін стратегиялық тұрғыдан басым деп санайтын және ЕҚДБ мен олар тартатын консультанттардың талап етілетін бейіндегі жұмыс тәжірибесі мен біліктілігі бар басқа да секторлардағы қызмет көрініс тапты.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігін (бұдан әрі – Министрлік) осы Келісім шеңберінде туындауы мүмкін барлық мәселелер бойынша ақпарат алмасу, сондай-ақ осы бағдарламаны орындау процестерін үйлестіру, ашылған Шоттың жұмыс істеуін осы жұмыстың барысы мен оның нәтижелерін қадағалау жөніндегі уәкілетті орган ретінде тағайындауға м і н д е т т е н е д і .

Осы бағдарлама шеңберінде ЕҚДБ қызметкерлері және/немесе консультанттары ұсынған реформалар мен ұсынымдар бағдарын ілгерілету және іске асыру үшін жауаптыларды Қазақстан Республикасының техникалық және консультациялық көмек көрсетудің тиісті жобаларының орындалуына жетекшілік ететін мемлекеттік органдары т а ғ а й ы н д а й д ы .

Министрлік осы бағдарламаға сәйкес ұсынылған экономикалық реформаларды, әсіресе қандай да бір техникалық көмек жобасын бірден бірнеше мемлекеттік органдар орындаған кезде үйлестіру және ілгерілету үшін мүмкіндіктері бар тәуелсіз және объективті өкілетті орган ретінде әрекет етеді.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары төменде көрсетілген салаларға бағытталады.

К ө л і к

Инфрақұрылымға инвестициялар салу елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ету мүдделері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің басым қызметтерінің бірі болып қ а л у д а .

Көлік саласындағы басты міндеттерге мыналар жатады:

- 1) Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізін қоса алғанда, автожол с е к т о р ы н ж а ң ғ ы р т у ;
- 2) темір жолдардың өткізу қабілетін арттыру мақсатында темір жол секторы мен ж ы л ж ы м а л ы к ұ р а м д ы ж а ң ғ ы р т у ;
- 3) басты көлік трассаларында логистика орталықтары мен қойма үй-жайларын салу;
- 4) порттар мен әуежайлар инфрақұрылымын жаңғырту.

Бірлескен техникалық ынтымақтастық (ТЫ) бағдарламасын іске асыру арқылы Тараптар көлік секторында нақты субсекторлық сипатқа ие және толық емес тізбесі төменде қысқаша көрсетілген әртүрлі міндеттерді шешетін болады.

А в т о ж о л с е к т о р ы

Капиталды көп қажетсінетін инфрақұрылымды, әсіресе автожол секторын

қаржыландыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі мүмкіндігінше жеке меншік капиталды тартуды жоспарлауда; автожол ведомстволары қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, олардың институционалдық әлеуетін жоғарылату тағы бір маңызды жағы болып табылады. Осылайша, ТҮ іске асыру:

1) автожол ведомстволарының институционалдық әлеуетін жоғарылатуға байланысты әртүрлі мәселелерді шешуге;

2) мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті құруға бағытталатын болады.

Т е м і р ж о л с е к т о р ы

Темір жол секторындағы реформалар процесі жүк тасымалдарын коммерциялық рельстерге көшіруді, темір жол инфрақұрылымына тең қолжетімділікті ашу және әлеуметтік жүктемесі бар жолаушылар тасымалдарына шарттар жасасу жүйесін мүмкіндігінше енгізу арқылы бәсекелестік қағидаттарын енгізуді көздейді. Жүргізіліп отырған реформалардың негізгі элементтері осы секторды реттеу жүйесін реформалау, онда тәуелсіз реттеушіні құру болып табылады. Осылайша, ТҮ іске асыру:

1) бар кемшіліктерді анықтауға және темір жол секторын реттейтін мемлекеттік ведомстволардың институционалдық әлеуетін арттыруға;

2) тариф белгілеу әдіснамаларына ерекше көңіл бөле отырып, оның нормативтік құқықтық базасын жетілдіруге;

3) энергия тиімділігінің жай-күйіне және техникалық-экономикалық негіздемелерге а у д и т т е р дайындауға;

4) сатып алу жүйесін жетілдіруге;

5) корпоративтік басқару нормаларын жоғарылатуға;

6) техникалық-экономикалық негіздемелерді дайындауды қоса алғанда, жобалар дайындауға және олардың сараптамасына;

7) акцияларды бастапқы ашық орналастыру мен мемлекеттік темір жол компанияларын жекешелендіруді жүргізуге;

8) екі Тарап та қажетті деп санайтын өзге де іс-шараларды жүргізуге бағытталады.

Инфрақұрылымға, оның ішінде логистикалық орталықтарға, порттар мен әуежайларға басқа да инвестициялар

ТҮ іске асыру техникалық-экономикалық негіздемелер, оның ішінде порт және әуежай инфрақұрылымын пайдалануға жеке меншік секторын тарту мәселелерінде қолдау көрсетуді көздейтін жобаларды дайындауды қоса алғанда, жобалар дайындауға және олардың сараптамасына бағытталуы мүмкін.

Осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Тараптар көлік секторында: автожол секторында қаржылық тұрғыдан табысты кем дегенде МЖМӘ құруға;

автожол инфрақұрылымын одан әрі дамытуға, жай-күйі жақсы деп танылған ж о л д а р д ы ң с а н ы н ұ л ғ а й т у ғ а ;

автожол басқармаларының қызметінде көбірек тәуелсіздікке және түпкі нәтижесінде автомобиль трассаларының жалпыұлттық желісін басқаратын тәуелсіз

автожол ведомствосын құруға;
жаңа өнім мен жаңа қызмет көрсетулердің, оның ішінде темір жол көлігінің энергия тиімділігін арттыруға байланыстыларының пайда болуына;
темір жол көлігін дамыту мақсаттарына арналған инвестициялар көлемін ұлғайтуға;
темір жол көлігін реттейтін ашық және тәуелсіз жұмыс істейтін орган құруға;
Қазақстан аумағында және жеке меншік секторында да көлік жобаларының, оның ішінде порттардың, әуежайлардың санын арттыруға қол жеткізуге ұмтылатын болады.

Телекоммуникациялар

Қазіргі уақытта Қазақстан ел өңірлерінде, сондай-ақ басты қалалар – Астана мен Алматыда заманауи ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді қолдану қажеттігін терең сезініп отыр.

Телекоммуникация секторындағы басты мақсаттар мен инвестициялық қажеттіліктер қатарына мыналар жатады:

1) стационарлық (тіркелген) және кең жолақты ұялы байланыстың өңірлік жүйелері сияқты өңірлерде нашар дамыған инфрақұрылымды қаржыландыру;

2) ашық қолжетімділік деректері орталықтарының жоғары сапалы инфрақұрылымын қаржыландыру;

3) қолданыстағы инфрақұрылымға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және техникалық жаңғырту жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру;

4) жаңа телекоммуникациялық технологиялар мен байланыс қызметтерін қаржыландыру.

Тараптар бірлескен техникалық ынтымақтастық бағдарламасын (ТҮ) іске асыру арқылы одан әрі ырықтандыру, бәсекені арттыру және жеке меншіктің қатысуын жандандыру, телекоммуникация секторына шетелдік инвестициялар тарту міндеттерін шешетін болады. Телекоммуникация секторында ТҮ іске асыру:

1) телекоммуникациялар секторында өтпелі процесс міндеттеріне талдау жасауға;

2) бар кемшіліктерді анықтауға және секторды реттеу мәселелерімен айналысатын мемлекеттік ведомстволардың институционалдық әлеуетін арттыруға;

3) тариф белгілеу әдіснамаларына және монополист-операторлардың желілерге қол жеткізу қағидаларына ерекше көңіл бөле отырып, секторды реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге;

4) нарықтық конъюнктураға зерттеулер жүргізуге және осы мақсаттар үшін таңдап алынған телекоммуникациялық компаниялар және/немесе жобалар үшін даму стратегияларын әзірлеуге;

5) мемлекеттік телекоммуникация компанияларында қолданылатын сатып алу жүйелерін жетілдіруге;

6) телекоммуникациялық компаниялардағы корпоративтік басқарудың стандарттарын арттыруға;

7) техникалық-экономикалық негіздемелер дайындауды қоса алғанда, жобалар

дайындауға және олардың сараптамасына;
8) акцияларды бастапқы ашық орналастыруға;
9) Қазақстан Республикасы арқылы телекоммуникациялық ағымдар транзитін дамыту мүмкіндігін анықтау мәніне зерттеу жүргізу;
10) екі Тарап та қажетті деп санайтын өзге де іс-шараларды жүргізуге бағытталады.

Осы бағдарламаны орындау нәтижесінде Тараптар телекоммуникациялар секторында:
тұтынушылар үшін интернет желісіне қол жетімділіктің сипаттамасын жақсартуға;
осы секторға капитал салу көлемдерін өсіруге;
телекоммуникациялық инфрақұрылымды, әсіресе өңірлерде және ауылдық жерлерде одан әрі дамытуға;
телекоммуникациялық қызметтер көрсету нарығының ауқымын кеңейтуге, телекоммуникациялық қызметтер көрсетудің қамту көрсеткіштерін, әсіресе кең жолақты байланысты ұлғайтуға;
өнім мен көрсетілетін жаңа қызметтердің түрлерін шығаруға;
халық үшін әмбебап және заманауи байланыс қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуге;
байланыс саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге қол жеткізуге ұмтылатын болады.

Э л е к т р э н е р г е т и к а с ы

Қазақстанның электр энергетикасы мен энергия жүйелері секторындағы қызмет стратегиясы Қазақстан Республикасының Үкіметі қол қойған Электр энергетикасын орнықты дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарында (ЭОДІЖ, 2008 жыл) мазмұндалған негіз қалаушы қағидаттарды қолдану арқылы онда қайта құруларды жүргізуден тұрады. Аталған жоспарда институционалдық құрылымдарды дамыту, салалық реформа жүргізу, ЕҚДБ-ның жобаларды қаржыландыруға қатысуын негізге ала отырып, алдыңғы қатарлы практика нормаларын қабылдау мәселелері, сондай-ақ электр энергетикасы саласын реттейтін толығымен тәуелсіз және мемлекеттік емес орган құру, электр энергиясына тарифтерді біртіндеп ырықтандыру, теңгерімдеу және баға белгілеу тетіктерін енгізу мәселелері атап өтілген ЕҚДБ, «KEGOC» АҚ мен Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі қол қойған Өзара түсіністік туралы үш жақты меморандумның (Өзара түсіністік туралы меморандум, 2011 жыл) мазмұны көрсетілген.

Энергетика саласындағы өңірлік теңгерімсіздіктерді жоюда және ел үшін электр энергиясына деген тұрақты тапшылықты еңсеруде көмек көрсету бойынша жедел шаралар қабылдаумен қатар ЕҚДБ инвестициялық стратегиясын таңдап алу тәртібімен іске асырумен айналысатын және қаржы ресурстарын ЭОДІЖ және өзара түсіністік туралы меморандум талаптарына сай келетін жобаларды орындау мақсаттарына бағыттайтын болады, сондай-ақ елдің жобаларды іріктеудің төменде келтірілген басты

критерийлерін сақтау арқылы төмен көміртекті экономика рельстеріне өтуіне жәрдемдесетін болады:

- 1) бүгінгі күнгі ең үздік технологияларды (ВАТ технологияларын) қолдану;
- 2) ілеспе газды пайдалану, алау етіп жағатын газ көлемдерін азайту, бүгінгі күні осы секторда қолданыстағы стандарттарда көзделген деңгейлерден жоғары газбен жұмыс істейтін электр станцияларының тиімділігін арттыру;
- 3) жұмыс істеп тұрған электростанцияларды реконструкциялау немесе жаңа электростанцияларды салу арқылы электрмен жабдықтау тиімділігі мен сенімділігі (үздіксіздігі) көрсеткіштерінің едәуір өсуін қамтамасыз ету;
- 4) коммерциялық және техникалық шығындарды төмендету, электр энергияларын беру желілерінің және электр энергиясы мен газды тарату тораптарының жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- 5) жаңартылатын энергетиканы дамытуға, атап айтқанда шағын ГЭС пен жел электр станцияларын салуға қолдау көрсету.

Негізгі міндет ЕҚДБ ТЫ желісі бойынша алдыңғы іс-шараларға енгізген жалпы сипаттағы ұсынымдарды орындау, сондай-ақ білім мен халықаралық практиканың озық нормаларын пайдалану болуға тиіс. ТЫ желісі бойынша басты сипаттағы қосымша іс-шараларды жүргізу мүмкіндіктерін өзара түсіністік туралы үш жақты меморандумда көрсетілген нақты аудандарға ғана қатысты қарастыру қажет.

ТЫ желісі бойынша басты іс-шаралар қатарына жобаларды дайындауды, сараптамасын және орындауды; жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін дайындауды, нарықтық конъюнктураны зерттеулерді, экоәлеуметтік және жобалармен байланысты өзге де зерттеулерді жүргізуді; ҚЕХС-ға көшуді; бастапқы ашық акцияларды орналастыруға (IPO) дайындауды; сатып алу қағидаларын жетілдіруді (ЕҚДБ-да қолданыстағы сатып алуды жүргізу қағидаларын сақтауды) және қазіргі және болашақ қарыз алушылар үшін мамандандырылған тренингтер өткізуді жатқызу керек.

Муниципалдық және экологиялық инфрақұрылым (МЭИ)

Өтпелі кезеңді ілгерілету тұрғысынан ЕҚДБ-ның ТКШ инфрақұрылымы саласындағы басты мақсаты инвестициялардың көмегімен коммерциялық қағидаттар негізінде және сенімді жұмыс істейтін әрі нарыққа бағдарланған институционалдық-нормативтік реттеу базасы жағдайында тәуелсіз жүзеге асырылатын, жақсы ұйымдастырылған және қаржылық жағынан тұрақты өндірістік қызметті жолға қою арқылы ТКШ қызмет көрсетулерінің тиімділігі мен сапасын арттыруға жәрдем көрсетуден тұрады. ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсер етуінің басты факторлары қоршаған орта мен әлеуметтік саланы орталықсыздандыру, коммерцияландыру, энергия тиімділігін, жай-күйін жақсарту болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанның МЭИ мына салалардан тұрады: су құбыры-кәріз шаруашылығы (СКШ), қалалық көлік, жол қозғалысын басқару, қатты қалдықтарды жинау мен қайта өңдеу, орталықтандырылғын жылумен жабдықтау. Осы қызметтің

негізгі буыны техникалық көмек көрсету желісі бойынша өтеусіз қаражаттың ірі сомаларын (гранттарды) жобаларды дайындау және орындау, әлеуетті ұлғайту, институционалдық құрылымдар құру мақсаттарына тарту болып табылады.

Тараптар Бірлескен техникалық ынтымақтастық бағдарламасын (ТЫ) іске асыру арқылы жеке меншік секторын одан әрі коммерцияландыру, бәсекені күшейту және оның қатысуын белсендіру, практикада ТКШ саласында МЖМӘ құру схемаларының арқасында шетелдік инвестицияларды тарту міндеттерін шешетін болады. Жоспарланып отырған ТЫ іске асыру мынадай басты салаларда:

басқаларымен қатар МЖӘ құру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық озық практикаға сәйкес техникалық-экономикалық негіздемелерді, келісімдер мен тендерлік құжаттама дайындауды қоса алғанда муниципалдық инфрақұрылым саласында МЖМӘ құру жобаларын дайындауға;

басқаларымен қатар муниципалдық қызметтер көрсетуге ұзақ мерзімді тарифтер белгілеуді қоса алғанда, ТКШ муниципалдық инфрақұрылымына қатысты МЖӘ саласын құқықтық реттеудің ұлттық режимін жетілдіруге;

озық практика нормаларын қолдану негізінде осы секторды жаңғырту стратегияларын әзірлеуге (мысалы, қатты қалдықтарды жинау және жою саласында);

муниципалдық құрылымдар мен компанияларға озық халықаралық стандарттарды қолдану негізінде қаржыландырудың банктік қағидаларына сай келетін және коммерциялық тұрғыдан рентабельді жобаларды дайындауға және жобаларды іске асыруда қолдау көрсетуге;

екі Тарап та қажетті деп санайтын өзге де іс-шараларды жүргізуде қызметті жүзеге асыруға бағыттالاتын болады.

Осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Тараптар: Қазақстан аумағында МЭИ саласындағы банктік қаржыландыру талаптарына сай келетін жобалар санын ұлғайтуға;

ТКШ секторына жеке меншік секторды тартуға;

МЭИ саласына инвестициялар көлемдерін арттыруға;

МЭИ коммерциялық рентабельділігін қамтамасыз ету мүддесінде нормативтік құқықтық базаны одан әрі дамытуға;

ТКШ жұмысының сапасын арттыруға;

экология және әлеуметтік қорғау стандарттарын арттыруға;

сенімді жұмыс істейтін және нарыққа бағдарланған институционалдық-нормативтік реттеу базасын құруға ұмтылатын болады.

Энергия тиімділігі және климаттың өзгеруі (ЭТКӨ)

Мәселенің тарихы және міндеттер

Қазақстан экономикасы энергияны қажетсінудің жоғары деңгейімен сипатталады. Бастапқы энергия көздері ұсыныстарының ЖІӨ-ге бөлінген жалпы көлемі сатып алу қабілеті паритетіне түзетумен бірге Қытайдың энергия сыйымдылығы

көрсеткіштерінен 2 еседен аса, Ресейдің энергия сыйымдылығы деңгейінен жоғары және ЕО-25 елдері тобының орташа көрсеткіштерінен 3 есеге артық.

Әсіресе өнеркәсіптегі энергия сыйымдылығы деңгейлері жоғары. Қазақстан өнеркәсібінің энергия сыйымдылығы көрсеткіштері ЕО елдерінің осындай көрсеткіштерінен 5 есеге артық. Әлемдік нарықтарда энергия көздеріне деген бағаның өсуі жағдайында елдің бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан бұл едәуір аландаушылық т у р ы з ы п о т ы р .

Қоғамдық мақсаттағы ғимараттардың (мысалы, мектептердің, ауруханалардың) және қалалық тұрғын үй қорының едәуір үлесі тиімсіз жұмыс істейтін энергиямен жабдықтау жүйелерімен жабдықталған және ауқымды реконструкциялауды талап етеді.

Энергия тиімділігі көрсеткіштерін арттыру және оның салдары ретінде энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ өңірлік теңгерімсіздікті жою үшін электр энергетикасы мен энергия жүйелері секторына, жеке меншік кәсіпорындарға, өнеркәсіптік объектілерге, коммуналдық шаруашылыққа, тұрғын үй ғимараттарына ірі қ а р а ж а т с а л у д ы т а л а п е т е д і .

Өңірлік стандарттармен салыстырғанда электр энергетикасы мен энергия жүйелері секторын реформалау, осы секторды коммерцияландыру/оған жеке меншік секторды тарту қадамдардағы айтарлықтай нәтижелерге қарамастан, олардың қазіргі жағдайдағы нормативтік базасы мен тариф белгілеу әдіснамасы одан әрі күшейту мен өзгертуді талап етеді, ол энергия тиімділігі, инвестициялар тарту үшін мүмкіндіктерді кеңейту саласында нәтижелі саясатты жүргізу үшін негіз қалауға мүмкіндік береді.

Уақтылы қабылданатын шаралардың болмауы жағдайында Қазақстандағы бүгінгі күні қалыптасқан жағдай елдің өсуі мен экономикалық әртараптандыру процестерін т е ж е й т і н б о л а д ы д е г е н қ а у і п б а р .
Техникалық көмек көрсету салалары

Бірлескен техникалық ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру арқылы Тараптар энергия тиімділігі саласын құқықтық реттеу режимін одан әрі жетілдіру міндеттерін шешетін болады. Қазіргі таңда ЕҚДБ энергия тиімділігі саласын реттеу нормаларын одан әрі жақсарту мақсатында қазірдің өзінде Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі сияқты министрліктермен және ведомстволармен тікелей жұмыс істеуде, бірақ бұл тұрғыда жүргізіліп жатқан жұмысқа анағұрлым нақты сипат беру талап етіледі. ТЫ іске асыру төменде келтірілген міндеттерді шешуге б а ғ ы т т а л а т ы н б о л а д ы .

1. Энергия тиімділігі саласындағы нормативтік құқықтық базаны өнеркәсіпке екпін жасай отырып жетілдіру. Бұл жерде іс-шаралар негізінен нақты секторларға (өнеркәсіпке, муниципалдық білім беруге, халыққа) бағытталған экономикалық құралдарды (дотацияларды алып тастау, қаржылық-салықтық ынталандыруды қолдану, төмен мөлшерлемелермен гранттар мен кредиттер беру, энергия тиімділігі көрсеткіштерін арттыруға бюджет қаражатымен көмектесу) әзірлеуге; нормативтік

ережелер мен стандарттарды: құрылыс нормалары мен қағидаларын (ҚНМҚ), энергия сыйымдылығы деңгейлерін төмендету проблемасын шешуде жаңа көзқарасты ынталандыру үшін т.б. әзірлеу стандарттарын нарықтық конъюнктурада ауытқуларға әкеп соғатын жекелеген бұйымдардың ерекшелігін емес, ол энергия тұтынудың ең аз нормаларын сақтауға екіпін жасай отырып тұрмыстық электр аспаптары мен жабдықтарын және дайындауға; ақпарат ұсынуға, техникалық көмек көрсетуге және таңбалауды орналастыруға (энергияны артығымен жұмсаумен күрес, кадрлар даярлау, ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жүргізу, энергия тиімділігі көрсеткіштерін мемлекеттік бақылау, тұрмыстық электр аспаптары мен жабдықтарын таңбалау, энергия аудиттерін жүргізу, энергияның тұтынуына бақылау жүйелерін енгізу мәселелерінде техникалық көмек көрсету); энергия тиімділігінің институционалдық негіздеріне жұмылдырылатын болады. Бұл салада институционалдық функцияларды орындау кадрлармен қамтамасыз етілген, қажетті ресурстармен жарактандырылған және тиісті бейіндегі министрлікте құрылған мамандандырылған органға тапсырылуға тиіс. Қоршаған ортаны қорғау және/немесе энергия тиімділігі мәселелері бойынша, мысалы, ірі өнеркәсіптік компаниялармен ерікті негізде келісімдер жасасу.

2. Жаңартылатын энергетика саласының нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру. Жаңартылатын энергетикаға инвестициялар үшін қолайлы нормативтік орта қалыптастыруға қолдау жасау мақсатында ЕҚДБ мемлекеттік ведомстволармен (электр энергиясын желіге беруге ынталандыру тарифтерін енгізу мәселелері бойынша) диалог жүргізуді өзіне мақсат етіп қояды. Қолданыстағы және жаңадан әзірленетін бағдарламалар шеңберінде әрекет ете отырып, ол жаңартылатын энергия көздерін игеру жөніндегі шағын және орта жобаларды іске асыруға көмек ретінде инвестициялық қаржыландыру тетігін құруға кіріседі.

3. Муниципалдық инфрақұрылым. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау желілерінің энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру мақсатында ЕҚДБ инвестициялық бағдарлама әзірледі. Алайда, оның орындалуы тариф белгілеу жүйелерін реформалауға және жылу есептеу құралдарын орнатуға негізделген, бұл осы секторда оған жеке меншік капиталды тартуға ықпал ететін оң өзгерістер болуы үшін қажет. Өйткені қазіргі уақытта бұл сектор, онда компанияларға бүкіл жылдық цикл барысында ақша қаражатының тұрақты айналымын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін кеңестік жұмыс әдістерін қолданудың салдарынан инвестициялардың жетіспеушілігінен зардап шегуде, жоспарланып отырған техникалық көмек осы секторда қазіргі таңдағы қолданылатын өндірістік процестерді өзгерту жөніндегі шараларды әзірлеуге және ұсынуға бағытталатын болады, ол Жол картасын және жылу есептеу құралдарын орнату жөніндегі іс-шаралар жоспарларын ж а с а у м е н і л е с е т і н б о л а д ы .

ЕҚДБ осы салада халықаралық практиканың озық нормаларын енгізу мәселелері бойынша консультациялар нысанында техникалық көмек көрсетеді. Одан басқа,

энергия үнемдейтін жабдық пен материалдарды жобалай, орната, қаржыландыра алатын жеке меншік энергиясервистік компанияларды (ЭСК) қаржыландырумен айналыса алады, сондай-ақ оларды пайдаланудағы, әсіресе қоғамдық мақсаттағы ғимараттарда пайдаланудағы тиімділігінің ең аз көрсеткіштеріне кепілдік бере алады. Осы жеке меншік ЭСК қызметтер көрсету нарығы қалыптасқанға дейін ЕҚДБ оларды мемлекеттің қатысуымен қоса қаржыландыруы арқылы ЭСК құру келешегін зерттеумен айналысады әрі Украинада табысты жұмыс істеп жатқан УкрЭСК моделі негізге алынатын болады.

4. Ілеспе газ және көмір метаны өзекті маңызы бар парниктік газдар болып табылады, ал оларды пайдалану тиімділігі орнықты энергетика және онымен байланысты көміртекті қаржыландыру саласындағы жалпы күн тәртібінің маңызды элементі болып саналады. ЕҚДБ Қазақстан билігімен, өндіруші салалар кәсіпорындарымен және өзге де мүдделі тараптармен диалогты жалғастыруға ниеттеніп отыр.

5. Қазақстанда шығарындылар саудасының ішкі жүйесінің ЕСТВ-мен байланысы. Осы жобаны іске асыру Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне елде жұмыс істейтін көміртекті квоталарды сату жүйесін ЕО-да жұмыс істейтін шығарындыларды сату жүйесімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіптік кешен

Қазақстанға елдің бүкіл аумағында осы сектордың инфрақұрылымын жақсарту, шығарылатын өнім номенклатурасын әртараптандыру, еңбек өнімділігін және сапа көрсеткіштерін арттыру арқылы ауыл шаруашылығы және азық-түлік шығару саласында өз әлеуетін одан әрі арттыруға тура келеді.

Агроөнеркәсіп секторындағы басты мақсаттар мен инвестициялық қажеттіліктер қатарына:

1) агрохимиялық өнім, ауылшаруашылық шикізатын қайта өңдеу өнімдерінің қазіргі заманғы өндіру, орау материалдары және бөлшек сауда кәсіпорындары сияқты өндірістік-өткізу тізбегінің барлық сегменттеріне инвестициялар тарту;

2) бастапқы ауыл шаруашылығы өнімін сататын, ашық жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен фирмаларға таңдап алу тәртібімен қолдау көрсету;

3) ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу негізінде шығындар бөлігін өтеу үшін инфрақұрылымдық жобаларға инвестициялар көмегімен агроөнеркәсіптік қызметті нығайтуға бағытталған бастамаларды іске асыруға жәрдемдесу (мысалы, астық терминалдарын, логистикалық және дистрибьютерлік орталықтар, электр энергиясын өндіруге арналған биомассаны кәдеге жаратушылар, бірлесіп пайдаланылатын су тазарту құрылғылары сияқты ортақ пайдаланылатын қойма үй-жайларын немесе табиғат қорғау объектілерін салу) жатады.

Тараптар бірлескен техникалық ынтымақтастық бағдарламасын (ТЫ) іске асыру

арқылы бәсекені күшейтуге, осы секторға жеке меншік капиталды тартуға, сектор қызметінің стандарттарын арттыруға ұмтылатын болады. Агроөнеркәсіп секторында

Т ы і с к е а с ы р у :

- 1) сектордағы өтпелі процесс міндеттеріне талдау жасауға;
- 2) нарықтық конъюнктураға талдамалық зерттеулерді жүргізуге және осы мақсаттар үшін таңдап алынған агроөнеркәсіптік компаниялар және/немесе жобалар үшін даму стратегияларын әзірлеуге;
- 3) агроөнеркәсіп кешені компанияларын корпоративтік басқару стандарттарын көтеруге;
- 4) техникалық-экономикалық негіздемелер дайындауды қоса алғанда, жобалар дайындауға және олардың сараптамасына;
- 5) екі Тарап та қажет деп санайтын өзге де іс-шараларды жүргізуге бағытталатын б о л а д ы .

Осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Тараптар агроөнеркәсіптік секторда (оның ішінде, азық-түлік өнімін өндіру және бөлшек сауда кәсіпорындарында):

Қазақстанда іске асырылатын жобалардың санын арттыруға; капитал салу көлемдерін көтеруге; астық, жеміс және көкөніс, сондай-ақ ауылшаруашылық шикізатын қайта өңдеу өнімдері өндірісінің инфрақұрылымын одан әрі дамытуға; жаңа өнім түрлерін шығаруға; шығарылатын өнім сапасы стандарттарын арттыруға қол жеткізуге ұмтылатын болады.

Қ а р ж ы с е к т о р ы

ЕҚДБ-ның қаржы секторындағы қызмет стратегиясы орнықты қызмет ететін қаржылық модельді енгізуге, оның ішінде мемлекеттің банк жүйесіне қатысу ауқымын қысқарту, шетел валюталарында көтерме қор жинауға шамадан тыс тәуелді болуды және депозиттік базаның әлі де сақталып отырған тарлығын еңсеру, хеджирлендірілмеген қарыз алушыларды валюталық кредиттеу практикасынан және жекелеген секторлардың кредиттік қоржындарда, әсіресе оларда жылжымайтын мүлік үлесінің шамадан тыс шоғырлануынан бас тарту, тәуекел-менеджмент жүйелеріндегі кемшіліктерді жою, корпоративтік басқару және ашықтықты қамтамасыз ету арқылы енгізуге бағытталған. Банк секторы бұдан әрі де ЕҚДБ қаражатын ШОК-ты дамыту, энергия тиімділігін арттыру, климаттың өзгеруімен күрес салаларындағы жобаларды қаржыландыру мақсаттарына бағыттаудың басты арнасы болып қала бермек. Қазақстанның банк жүйесінің осы функцияны орнықты орындауына мүмкіндігі болуы үшін ЕҚДБ елде теңгемен жұмыс істейтін нарықтарды және капитал нарықтарын құру процестеріне осы мақсаттарда зейнетақы қорларымен өзара іс-қимыл жасай отырып, осыған банктік емес қаржылық делдал-ұйымдарды тартуды жандандыра отырып, макро - және микродеңгейлерде техникалық көмек (жобаларға қоса берумен) беру арқылы

институционалдық әлеуетті арттыра отырып жәрдемдесу мен қолдау көрсетуді де өзіне мақсат етіп қояды. Атап айтқанда, ЕҚДБ кредит қаражатын тарту көздеріне қосымша тәуекел капиталының жеткілікті қорларын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда дамып келе жатқан тікелей жеке меншік инвестициялар секторына бұдан әрі де қолдау көрсететін болады. Мұнан басқа, ЕҚДБ микроқаржыландыру ұйымдарына одан әрі де көмек көрсететін болады.

Басты стратегиялық басымдықтар қатарына 1-ші және 2-ші деңгейлі капиталы бар серіктес-банктерге қолдау көрсету, жедел кредиттеу және сауда кредиті желілерін ашу, қайта құрылымдаудан өткен жүйе құраушы банктерге жеке меншік қарым-қатынастарын қалпына келтіруге көмек көрсетуді қоса алғанда, олармен жұмыс жүргізу, ұлттық капитал нарықтарын дамытуға жәрдемдесу және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауға көмектесу арқылы қаржы секторын қайта құруға жәрдемдесу шаралары жатады.

Ты іске асыру жоспарлары:

1) ШОК-ты кредиттеу, корпоративтік басқару, тәуекелдерді бағалау және проблемалық активтерді қайта құрылымдау салаларында банк қызметкерлерінің біліктілігін одан әрі арттыруға;

2) энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға жәрдемдесуге, оның ішінде нормативтік базаға талап етілетін жетілдіруді енгізу мәселелері бойынша консультациялар нысанында жәрдемдесуге;

3) зейнетақы қорлары жүйесін дамытуға және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауға, нақты айтқанда активтерді реттеу және құндық бағалау мәселелерінде жәрдемдесуге;

4) қор биржаларының қызметін, олардың инфрақұрылымы мен оларды реттеу режимін дамытуға, нақты айтқанда T+3 формуласы бойынша есеп-қисап жүргізу режимін енгізу мәселелерінде орталық контрагент құруға брокерлер мен дилерлер қызметін реттеуге және мүмкіндігінше жаңа нарықтық құралдардың қолданылу перспективасына (мысалы, фьючерстік валюталық мәмілелерге немесе своптарға) талдау жасауға бағытталады.

Т а б и ғ и р е с у р с т а р

Өнеркәсіптің мұнай-газ және тау-кен өндіру салалары Қазақстан экономикасының басты қозғауыштары болып табылады. Бұл салаларда негізінен ірі компаниялар қызмет етеді және бірқатар кен орындарында ескірген технологияларды қолдану салдарынан қоршаған ортаға үлкен залал келтіруде. Қазіргі таңда елде жер қойнауын пайдалану саласында жаңа кен орындарын игеруге жаңа келісімшарттарға қол қоюға мораторий жарияланған.

ЕҚДБ-ның осы салалардағы басты міндеттері бәсекені дамытуға қолдау көрсету, оларға жеке меншік және тәуелсіз компанияларды тарту, экологиялық жағынан зиянсыз, тиімділігі мен өнімділігі жоғары технологияларды енгізу, тұрақты

нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруда қолдау көрсету, қосылған құн жасау тізбегін ұлғайтуға жәрдемдесу, осы салалардағы өнім берушілер мен қызметтер көрсету провайдерлеріне көмек көрсету, шикізат өнімін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Тараптар бірлескен техникалық ынтымақтастық бағдарламасының (ТҮ) желісі бойынша одан әрі ырықтандыру, бәсекені күшейту және өндіруші салаларға жеке меншік секторы мен шетелдік инвестицияларды неғұрлым белсенді тарту бағдарын ұстанатын болады. ТҮ іске асыру:

1) мұнай-газ және тау-кен өндіру салаларындағы өтпелі процесс міндеттеріне талдау жүргізуге;

2) жер қойнауын пайдалану объектілерін іріктеп алудың жаңа қағидаларын әзірлеуге ерекше екіпін жасай отырып, өндіруші салаларды реттеудің нормативтік-құқықтық режимін жетілдіруге және жер қойнауын пайдалану шарттарының негізінде жаңа кен орындарын кейіннен игеруге;

3) жер қойнауын пайдаланушы компанияларда корпоративтік басқару стандарттарын арттыруға;

4) елді ИПДО бастамасын іске асыруға толық ауқымда қосылуға дайындауға;

5) екі Тарап та қажетті деп есептейтін өзге де іс-шараларды жүргізуге бағытталатын болады.

Осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Тараптар өндіруші салаларда: Қазақстанның бүкіл аумағында мұнай-газ және тау-кен өндіруші жобаларының санын ұлғайтуға;

жер қойнауын пайдаланушылардың санын ұлғайтуға; осы секторда және бүкіл өндірістік-өткізу тізбегінде инвестициялар көлемдерін өсіруге;

саладағы ашықтық көрсеткіштерін арттыруға қол жеткізуге ұмтылатын болады.

Келісімге

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ТҮ іс-шараларын бекіту нысаны

1. Қысқаша сипаттамасы

Бөлім	
Тапсырманың атауы	
Өңір	
Сектор	
Іске асыру мерзімдері	
Инвестицияларға бекітілуі	Иә/Жоқ
Стратегиялық диалог	Иә/Жоқ

Түсіндірмелер		
Бюджет	Қазақстан-ЕҚДБ шотының ресурстарынан	
	ЕҚДБ қоса қаржыландыруы	
	Клиенттің қоса қаржыландыруы	
	Жалпы құны	
ЕҚДБ стратегиясының Қазақстан үшін сәйкестігі		Иә/Жоқ
Клиенттің сипаттамасы		
Бенефициар		
Тапсырманың мақсаты:		
Міндеттері мен қызметі	Тапсырманың сипаттамасы	
Тәуекелдер	Болжалғандары	
Нәтижелері	Жоспарланғандары	
ЕҚДБ кредиті	Иә/ Жоқ	Көлемі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған

Бюджет, Евро	
Қолы	
Т.А.Ә.	
Лауазымы, Министрлік	

2. ЕҚДБ нысаны бойынша техникалық тапсырма

3. Егжей-тегжей болжанатын бюджет (құрылымы)

К е л і с і м г е

3-қосымша

Тоқсандық есептілік нысаны

1-бөлім. Тапсырмалар тізімі

Мәртебесі	С а н ы (кезең ішінде)	С а н ы (барлығы)
Мақұлданды		

Қабылданған жоқ

Бағыттар бойынша жиынтық кесте:

Атауы	Сектор	Өңір	Бюджет	Игерілді	Мәртебесі*	Инвестицияларға бекітілуі	ТҮ түрі
Жобаларға барлығы бөлінгені							
Бағыт теңгерімі							

*Мәртебесі (мақұлданды, іске асырылуда, аяқталды)

2-бөлім. Мазмұндық есеп

Бағыты	
Тапсырманың атауы	
Өңір	
Сектор	
Іске асырылу мерзімдері	
Инвестицияларға бекітілуі	Иә/Жоқ
Стратегиялық диалог	Иә/Жоқ
Түсіндірмелер	
Клиент	
Бенефициар	
Консультант	
Бюджет	Қазақстан-ЕҚДБ шотының ресурстарынан мақұлданды
	игерілгені
Көлемі (_____)	қоса қаржыландыру
	теңгерім
Тапсырманың мақсаты:	
Міндеттері мен қызметі	ТТ бойынша сипаттамасы
Тәуекелдер	Болжалғандары
	Рассталғандары және оларды еңсеру
Нәтижелері	Бастапқылары
	Соңғылары

ЕҚДБ кредиті	Иә/Жоқ	Көлемі
Қосымша ақпарат		
Ұсынымдар мен алынған сабақтар		

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !
Бұдан әрі Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК